

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Заң факультеті

Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы

**ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Пән: 93816 Сақтандыру құқығы


**6B04205 «Құқықтану» мамандығы бойынша құқық бакалавры
білім беру
бағдарламасы**

Алматы, 2023 ж.

Пәннің қорытынды емтихан бағдарламасын құрған: Қалымбек Б.. 6B04205 –«Құқықтану»
білім беру бағдарламасы оқу жоспарының негізінде жасалынды.


Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының мәжілісінде
қаралып ұсынылды.

№ 05 Хаттама «31» қазан 2023 ж.

Кафедра меңгерушісі, з.ғ.д., профессор  Г.А. Куаналиева


Білім беру және оқыту сапасы бойынша академиялық комитетпен
мақұлданды.

№ 03 хаттама «08» қараша 2023 ж.

Төрайымы  А.А. Урисбаева

Факультеттің Ғылыми кеңесінде ұсынылды.

№ 03 хаттама «15» қараша 2023 ж.

Ғалым хатшы  Г.М. Атаханова



Кіріспе

“Сақтандыру құқығы” арнайы курсын оқытудың мақсаты оны зерттеу барысында туындайтын негізгі өзекті теоретикалық мәселелермен таныстыру болып табылады. Бұл пәнді оқу барысында сақтандыру құқығының нарықтық қатынастарға өту барысындағы ролі мен маңызына, мақсатына Қазақ республикасындағы сақтандыру саласымен сақтандыру құқықтық қатынастарын мемлекеттік басқарудың және реттеудің теориялық, практикалық құқықтық мән жайларын зерделеу, құқықтар жүйесіндегі алатын орны анықтау болп отыр. Сақтандыру саласындағы мемлекеттік реттеу сақтанушылардың заңды мүдделерін қорғаудың сақтандырушылардың қаржылық орнықтылығын қамтамасыз етудің және ұлттық сақтандыру рыногының халықаралық сақтандыруда интеграциялануының, сақтандыру мәселелері бойынша халықтың құқықтық мәдениетін қалыптастырудың маңызды кепілі болуда. Сондықтан зерттеу оқыту пәніне сақтандыру саласын реттейтін құқықтық нормалардың жиындығы мен сақтандыру қатынастарын мемлекеттік реттеудің тәсілдері мен жолдарын жатқызуға болады.

Емтиханға дайындалу тақырыптарының негізі:

1 - тақырып. Сақтандыру қызметтерінің түсінігі және ерекшеліктері.

Сақтандыру қызметтерінің түсінігі мен тақырыбын ашыңыз. Сақтандыру қызметтерінің функцияларын кеңейтіңіз. Сақтандыру қызметтерінің тауар ретіндегі ерекшелігін талдаңыз. Сақтандыру қызметтері нарығының ерекшеліктерін және оның кәсіпкерлік қызмет үшін маңыздылығын ашыңыз.

2 – тақырып. Сақтандыру қатынастарының түсінігі және түрлері.

Сақтандыру қатынастарының белгілерін, олардың ақша қатынастарының басқа түрлерінен айырмашылығын сипаттаңыз. Сақтандыру қатынастарының түрлерін ашыңыз. Сақтандыру ісі мен материалдық сақтандыру қатынастарын ұйымдастырудағы қатынастардың ерекшеліктерін ашыңыз. Сақтандыру қатынастарын құқықтық реттеу әдістерін талдаңыз. Сақтандыруға қандай функциялар тән екенін көрсетіңіз?

3 – тақырып. Сақтандыру заңнамасы сақтандыру құқығының көзі ретінде.

Сақтандыру заңнамасын сақтандыру құқығының көзі ретінде талдаңыз. Жалпы сақтандыру заңнамасының ерекшеліктері қандай? Сақтандыру заңнамасының қалыптасу тарихына қысқаша сипаттама беріңіз.

4 – тақырып. Сақтандыру құқықтық қатынастарының субъектілері.

Сақтандыру қатынастарының субъективті құрамын ашыңыз. Сақтандыру қатынастары субъектілерінің өз құқықтарын қорғау тәсілдерін ашыңыз. Сақтандырушылар сақтандыру шартының тарабы ретінде. Сақтандыру ұйымдарының заңды тұлға ретіндегі ұйымдық-құқықтық нысандары. сақтандыру ұйымдарын құру және тіркеу тәртібін ашыңыз. Сақтандырушылар бірлестігі қызметінің ерекшеліктерін, олардың мақсаттарын, түрлері мен ұйымдық-құқықтық нысандарын ашып көрсетіңіз. Сақтандыру және қайта сақтандыру пулының ерекшелігі неде? Актуарийдің түсінігі мен құқықтық жағдайын ашып көрсетіңіз.

5 – тақырып. Сақтандыру қызметінің құқықтық ерекшеліктері.

Сақтандырудың салалары, сыныптары және нысандары туралы түсініктерді кеңейтіңіз. Сақтандыру сыныптарының мазмұнын қарастырыңыз. Сақтандыру салалары мен сыныптарын біріктіру қалай жүргізіледі? Сақтандыру қызметін талдаңыз.

6 – тақырып. Сақтандыру қызметтерінің нысаны ретінде сақтандыру түрлері мен нысандары.

Міндетті сақтандырудың ерекшеліктерін және оның белгілерін түсіндіріңіз. Ерікті сақтандыру және оның белгілері. Сақтандыру салаларын кеңейтіңіз. Жеке және мүлдітік

сақтандырудың жалпы сипаттамасын беріңіз.

7 – тақырып. Сақтандырушының сақтандыру шартының тарабы ретіндегі құқықтық мәртебесі.

Ұғымды қарастырыңыз сақтандырушылар сақтандыру шартының тарапы ретінде. Сақтандыру ұйымдарының заңды тұлға ретіндегі ұйымдық-құқықтық нысандарын ашыңыз, сақтандыру ұйымдарын құру және тіркеу тәртібін ашыңыз. Сақтандырушылар бірлестігінің қызметін, олардың мақсаттарын, түрлері мен ұйымдық-құқықтық нысандарын талдаңыз.

8– тақырып. Сақтанушының қызметін сақтандыру шартының тараптары ретінде құқықтық реттеу.

Сақтанушының сақтандыру шартының тараптары ретінде түсінігін ашу. Сақтандырылғандар және пайда алушы, түсінігі және олардың сақтандыру қатынастарындағы рөлі. Сақтандыру агенттері мен сақтандыру брокерлері қызметінің ерекшеліктерін ашу: олардың құқықтық мәртебесі мен сақтандыру процесіндегі тағайындалуы. Сақтандыру агенті мен сақтандыру брокерінің арасындағы айырмашылық. Өзара сақтандыру қоғамы, олардың мақсаты және ұйымдық-құқықтық нысандары.

9 – тақырып. Сақтандыру ұйымдарын құру тәртібі.

Сақтандыру ұйымын құру тәртібін ашу. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құрылтайшылары мен акционерлері. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құқықтық мәртебесі. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жарғылық капиталын қалыптастыру ерекшеліктері. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құру үшін қажетті құжаттар. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ашуға рұқсат беруден бас тарту негіздерін талдаңыз.

10 – тақырып. Өзара сақтандыру туралы заңнама.

Өзара сақтандырудың жалпы сипаттамасын беріңіз. Өзара сақтандырудың маңыздылығын ашыңыз. Өзара сақтандырудың мәні мен принциптерін ашыңыз. Өзара сақтандыруды ұйымдастырудың ерекшеліктерін талдаңыз.

11 – тақырып. Қайта сақтандыру қатынастарын заңнамалық реттеудің ерекшеліктері.

Қайта сақтандыру қатынастарын реттейтін сақтандыру заңнамасы нормаларының ерекшеліктерін сипаттаңыз. Қайта сақтандыру ұғымын және оның сақтандыру ісіндегі мағынасын ашыңыз. Қайта сақтандыруды ұйымдастыру тәртібін, қайта сақтандыру шарттарының түрлерін сипаттаңыз.

12 – тақырып. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың құқықтық ерекшеліктері.

Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың құқықтық ерекшеліктерін кеңейтіңіз. КҚИ азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру қатынастарының субъектілік құрамын кеңейтіңіз. Сақтандыру оқиғасының ерекшеліктерін ашыңыз. Сақтандыру шартының ерекшеліктерін, түрлерін және оны жасасу тәртібін ашып көрсетіңіз. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру нарығын талдаңыз.

13- тақырып. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңнаманың ерекшеліктерін ашу. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін мемлекеттік реттеудің ерекшеліктерін кеңейтіңіз. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің қатысушылары кімдер? Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін қаржыландыру қалай жүзеге асырылады? Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмекке құқықты талдаңыз.

14 – тақырып. Міндетті әлеуметтік сақтандырудың құқықтық ерекшеліктері.

Міндетті әлеуметтік сақтандырудың ерекшеліктерін түсіндіріңіз. ОСС қатынастарының құқықтық ерекшеліктерін ашыңыз. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің мәні мен мағынасын ашыңыз. ОСС жүйесін қаржыландыру қалай жүзеге асырылады? Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың құқықтық мәртебесін талдаңыз. Әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінің ерекшеліктерін ашыңыз.

15 – **тақырып.** Қадағалаушылық ден қою шаралары, Санкциялар және өзге де ықпал ету шаралары.

Мәжбүрлеп қадағалау шараларын талдаңыз. Сақтандыру қызметі туралы заңнамада қандай санкциялар белгіленген? Оларды қолдану ерекшеліктерін талдаңыз. Мәжбүрлеп қадағалау шараларын талдаңыз. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру брокерінің лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру ерекшеліктерін кеңейтіңіз. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру брокерінің лицензиясынан айыру негіздері мен тәртібін талдаңыз.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР:

1.Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған, 7.10.1998 жылы, 21.05.2005 жылы, 2.02.2011 жылы өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).

2.Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы “Сақтандыру қызметі туралы” Заңы.

3. Страхование право. Под ред. Шахова В.В., Григорьева В.Н., Кузбагарова А.Н. Учебное пособие - 4-е изд., перераб. и доп. - М.: 2011

4. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы “Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы” Заңы.

5. Мазаева, М. В. Страхование: учебное пособие для вузов / М. В. Мазаева. — Москва : Издательство Юрайт, 2020.

6. Оценка ключевых параметров страховых рынков ЕАЭС: тенденции и перспективы развития ФГБОУ ВО «Кубанский государственный аграрный университет имени И.Т. Трубиллина», Краснодар, 2017.- 178 стр., - 10,9 п.л.

Интернет-ресурстар: Оқу материалы-дәріс тезистері Қазақстан Республикасының Банк құқығы, сондай-ақ үй тапсырмаларын, жобаларды, СӨЖ орындау үшін қажетті оқу-әдістемелік материал сіздің сайтыңыздағы бетте қол жетімді www.univer.kaznu.kz. ПОӘК бөлімінде.

Емтихан тапсыру бойынша нұсқаулық:

1.**Сақтандыру құқық** пәні бойынша қорытынды бақылау (емтихан) 3- курс күндізгі бөлім студенттері үшін, univer.kaznu.kz жүйесінде тест түрінде өтеді. Барлық нұсқаулар univer.kaznu.kz басты бетіне жүктелген. Тест қабылдау барысы – автоматты прокторинг жүйесімен бақыланады, проктор немесе оқытушының қадағалауымен (егер прокторинг болмаса). Прокторинг технологиясы (ағылш. «proctor» – емтихан барысын бақылау).

2. **Маңызды** – емтихан міндетті түрде алдын ала бекітілген кестеге сәйкес жүргізілед, ол туралы алдын ала оқытушылар мен студенттерге мәлім болуы керек.

3. Аттестациялық ведомостқа қорытында баға тест аяқталғаннан кейін автоматты түрде түседі:

•Балл қою уақыты - 48 сағатқа дейін. Онлайн прокторинг режимі бойынша тексеру жүргізу барысында балл қою уақыты ұзартылуы мүмкін.

4.Тесттің түрі- көптік таңдау, 1 дұрыс жауаппен.

5. Univer АЖ тест сұрақтарының саны – 40 сұрақтан келеді. 1 мүмкіндік беріледі. Тесттің өту уақыты- 90 минут.

6. Univer АЖ тест сұрақтары- автоматты түрде генерацияланады.

7. Univer АЖ тест сұрақтарын дұрыс жауаптың кілттері арқылы автоматты түрде тексереді

8. Студент емтиханға кіруге 30 минут бұрын дайындалуы керек. Ол прокторингтің талабы.

9. Тест қорытындысы прокторинг нәтижесінде қайта қаралуы мүмкін. Егер студент тестілеуден өту ережелерін бұзса, оның нәтижесі жойылады.

10. Студент емтиханның өтуіне байланысты қосымша нұсқаулықтар мен ережелерді мына сілтемелер арқылы қарай алады:
https://drive.google.com/file/d/1kXW1fg5E38u1i_j9G6hIjevuxUPNHa9r/view?usp=sharing

11. Бағалау саясаты. Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау (аралық бақылаумен емтихандарда құзыреттілікті қалыптастыруды тексеру).

Бағалау саясаты:

Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау, аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің (мақсатпен көрсетілген оқыту нәтижелерінің) қалыптасуын тексеру. Жиынтық бағалау: аудиторияда жұмыс белсенділігін және қатысуын бағалау; орындалған тапсырманы, СӨЖ-ді (жоба / кейс / бағдарлама/...) бағалау. Қорытынды бағаны есептеу формуласы ұсынылады. Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша есептеледі:

$$(PK1+PK2)/2 \cdot 0,6 + ИК \cdot 0,4.$$

Мұнда АБ(РК) – аралық бақылау; ҚБ(ИК) – қорытынды бақылау (емтихан). Бағалау шкаласы силлабуста беріледі

Әріптік жүйе бойынша баға	Сандық эквивалент	Баллдары (%-дық көрсеткіші)	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	
B	3,0	80-84	Жақсы
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	